

■ Оқушының шығармасынан

Көктем қуантады

Көктем – сиқырлы жыл мезгілі. Ол маған өте ұнайды, себебі көктемде табиғат жанданады. Ағашта бүршіктер ашылады, шөп көктейді, әдемі гүлдер құлпырады. Көктемде қар ериді, күн жылы, ауа таза болады. Далада құстар көңілді сайрайды. Мен көктемде бәйшешектерді жинаймын. Бәйшешектер – өте әдемі және нәзік гүлдер.

Көктемде адамдар Наурыз мейрамын тойлайды. Наурыз – қазақ халқының мейрамы, бірақ оны Қазақстанның барлық халықтары жақсы көреді. Біздің қаламызда Наурыз өте қызықты өткізіледі. Адамдар қаланы әшекелейді.

Көктемде менің ең сүйікті мейрамым – 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Құрметті әйелдер! Мен Сіздерді 8-Наурызбен шын жүректен құттықтаймын. Мен сіздерге бақыт, махаббат, денсаулық, береке-бірлік және ұзақ өмір тілеймін. Мейрамда арман-тілектеріңіз орындалсын.

Екатерина НАДЬКИНА,
техникалық лицейдің 8-сынып
оқушысы.

ҚАРАҒАНДЫ.